**Анықтама**

2023-2024 ж. 1 қыркүйек - Білім күніне орай «Мектебім – мейірім мекені» атты салтанатты жиын өтті. Оқушыларды сапқа тұрғызып, ҚР әнұраны шырқалып, №44 мектеп - гимназиясының директоры және қалалық білім беру бөлімінен арнайы қонақтардың құттықтау сөзімен басталды.

Мақсаты: оқушыларды білім нәрімен сусындатып қана қоймай сонымен қатар құндылықтардың адам өміріндегі рөлін, отансүйгіштікке, еңбексүйгіштікке және татулыққа баулу.

«Өткенге шолу жасамай, болашақты болжау мүмкін емес» дегендей былтырға оқу жылы да айтарлықтай нәтижелі болды. 2022-2023 оқу жылында гимназиямыз 78 түлекті ұшырды. Оның ішінде 54 оқушы мемлекеттік грант иегері атанды. 2 алтын белгі иегері, 5 үздік аттестат алып шықты.

Биылғы оқу жылының ерекшелігі алаш зиялылырының идеологиясы арқылы білім мен тәрбие беруді көздеп отыр. Ұлты үшін жаны ашыған ата-бабаларымыздың аманатын іске асыру – басты міндетіміз.

XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы балалардың сауатты болуына, білім алуына үлес қосқан ағартушы – ұстаз Ахмет Байтұрсынов білім арқылы ұлт мәдениетін көтеруге және тіл тазалығын сақтауға ден қойды.

2023-2024 оқу жылына 1 сынып табалдырығын аттап отырған 231 бүлдіршіндеріміздің алғашқы қадамдарына сәттілік тілеп, алғашқы тәрбие сағаты өткізілді. Сонымен қатар 2-11 сынып оқушылары арасында «Мектебім – мейірім мекені» атты тәрбие сағаттары оздырылды.

Ұсыныс: құндылықтарымызды дәріптеу әрі қарай жалғасын тапсын.





Анықтама беруші: Өмірзақ Г.Ж